





Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы  
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы  
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
**Пән атауы: Емле және сөз сазы**

Астана, 2022



**12-дәріс тақырыбы: Сөз сазы, яғни сөзді дұрыс айту (дыбыстау) заңдылықтары**  
**Қарастырылатын мәселелер:**

- Үндестік заңы;
  - Ауызша сөйлеу мәдениеті;
  - Орфоэпиялық нормалар.
- 

# Сөз сазы

Орфоэпия-дұрыс сөйлеудің нормасы. Сөздер мен сөз тіркестерінің бірізді, дұрыс айтылуын қамтамасыз ететін ережелер жиынтығы.

Тілдегі сөздердің, сөз тіркестерінің дұрыс айтылу ережелері орфоэпия (грек. «orthos» – дұрыс, «epos» – сөз, сөйлеу) деп аталады.

Сөз сазы дегеніміз – сөйлеу үстінде сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі.



# Қазақ тіл білімінде орфоэпия мәселелері 1960 жылдардан бастап сөз бола бастады.



---

М.Балақаев «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері»  
оқулығы



---

М.Дүйсебаева «Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері»



---

Х.Қожахметова  
«Мәнерлеп оқу»



---

Р.Сыздықова «Сөз сазы»



---

Қ.Неталиева «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі»




Сөйлеу үстінде ырғақтық топ құрайтын анықтауыш пен анықталғыш қатардың қ,к дыбыстары ұяңданады: бала кезде-бала гезде, ала көлеңке-алагөлеңке, ата қоныс-атағонұс т.б.



Ырғақтық топ құрайтын екі сөздің алдыңғысы з,ж,л,м,н,ң,й,у дыбыстарына аяқталса, келесі сөздің басындағы қ,к дыбыстары ұяңдап ғ,г болып айтылады. Мысалы: Жезқазған-Жезғазған, бал қаймақ-бал ғаймақ, қой көз-қойгөз т.б.

Мысалы, *сен бе едің, Құрманбек, Дүйсенбай, Жанпейіс, күнбатыс, жыланбауыр* деген сөздер *сембедің, Құрмамбек, Дүйсембай, Жампейіс, күмбатыс, жыламбауыр* болып айтылады.




## Орфоэпиялық ережелер

```
graph LR; A((Орфоэпиялық ережелер)) --- B[Орыс тілінен енген сөздердің соңында келетін ұяң б, в, г, д дыбыстары айтылуыда қатаң п, ф, к, т болып естіледі. Фамилия соңындағы –ов, -ев жұрнақтары да оф, еф, ыф, іф болып айтылады. Мысалы,Иванов (Иванов), Жұмашыф (Жұмашев).]; A --- C[Сөздің басындағы немесе бірінші ашық буындағы ұ,ү,о,ө дыбыстары және екі дауыстының ортасында келген у дыбысы келесі буындағы ы, і дыбыстарын өзгертіп, ұ,ү-лерге жуықтатып естіртеді. Мысалы, құлұн, бүгүн, орұн, өмүр.]; A --- D[Қазақ тілінде жай,шай,жайт сияқты сөздер қосымшасыз тұрғанда,жіңішке айтылады: жәй, шәй, жәйт. Бірақ бұл сөздерге де қосымша жуан болып жалғанады да, сөз тұтасымен жуан болы айтылады.];
```

Орыс тілінен енген сөздердің соңында келетін ұяң б, в, г, д дыбыстары айтылуыда қатаң п, ф, к, т болып естіледі. Фамилия соңындағы –ов, -ев жұрнақтары да оф, еф, ыф, іф болып айтылады. Мысалы,Иванов (Иванов), Жұмашыф (Жұмашев).

Сөздің басындағы немесе бірінші ашық буындағы ұ,ү,о,ө дыбыстары және екі дауыстының ортасында келген у дыбысы келесі буындағы ы, і дыбыстарын өзгертіп, ұ,ү-лерге жуықтатып естіртеді. Мысалы, құлұн, бүгүн, орұн, өмүр.

Қазақ тілінде жай,шай,жайт сияқты сөздер қосымшасыз тұрғанда,жіңішке айтылады: жәй, шәй, жәйт. Бірақ бұл сөздерге де қосымша жуан болып жалғанады да, сөз тұтасымен жуан болы айтылады.



## *Сөздердің жазылуы*

ұзын  
үзік  
жүзік  
жөнел  
ит ала қаз

## *Сөздердің айтылуы*

ұзұн  
үзүк  
жүзүк  
жөнөл  
ит ала ғаз

Кейбір сөздердің орфограммасы мен орфоэпиясы бірдей болып келсе де, кейде айтылуы әр түрлі бола береді.


## **Жазылуы**

**Балалар**



## **Айтылуы**

балалар  
баладар  
баллар  
балдар



Қазақ тілінің кейбір дыбыстарының айтылуына қатысты жер-жерге қарай ажыратылатын айырмашылықтары бар:

*маңлай, таңлай, аңлау*

ңд дыбыстарының  
орынан нл дыбыстарын  
айту

*ойақ, бұяқ*

ж дыбысының орнына й  
дыбысын айту


*кеген жоқ, бомайды*

сөз ішінде л дыбысын  
түсіріп айту


*чатақ, чын, чырақ*

ш дыбысын ч  
етіп айту

Жергілікті ерекшеліктерге қарай екі түрлі дыбысталатын едәуір сөздердің әдеби варианты бұл күнде нормаға айналған. Алайда бұл сөздер жазылуынша оқылады.








Сөз сазы-сөйлеу үстінде сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі.




Дұрыс айту (дыбыстау) заңдылықтары орфоэпиялық норма деп аталса, "сөз сазы" деген ұғым да осыған қатысты.



Ал сөздерді дұрыс айту дегеніміз тілдің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтау.






Тіл білімінде «үндестік заңы» дегеннің баламасы ретінде «сингармонизм» деген термин қолданылады.


Мысалы, *кітап, Күлаш, кінә* деп жазылған сөздердегі дыбыстар *кітәп, Күләш, кінә* түрінде үндеседі.

*Біраз, бірақ, қауіп, қазір* сияқты сөздер тұтасымен жуан айтылып, олардағы дыбыстар *быраз, бырақ, қауып, қазыр* болып үндеседі.



Үндестік заңы дауысты дыбыстардың үндесуін, яғни түбірдегі дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігі жағынан қосымшаларды өзіне үйлестіруімен сипатталады.

Үндестік заңы жазудың ыңғайымен, яғни бір сөз ішінде жуан да, жіңішке де дауыстылардың жазылғанына қарай, өзінің табиғи түрде айтылуын бұзып жіберетін жайттар байқалады.



## Сөйлеу мәдениеті

Әрбір сөз халық тілінің өшпес дәулеті ретінде ол тілде сөйлеушілердің бәріне ортақ белгілі дыбыстық құрамда жұмсалып, әбден үйреншікті болғаннан кейін, оны әркімнің өзінше құбылтып айтуына болмайды.

## Сөйлеу мәдениеті

Сөйлеу тілі мәдениетінің жоғары формасы-шешендік. Сауатты, мәдениетті кісінің қоғамда атқаратын қызметіне сәйкес шешендік өнері болуға тиіс.



## Сөйлеу мәдениеті


Сөз әдебіне лайықты коммуникация процесі кезінде әртүрлі тілдік амалдар қолданылады, көп жағдайда адамдар мәдениеттілік пен сыпайылық ұғымдарын жадында ұстап, қарым-қатынастың сөйлеу мәдениетінің талаптарына сай орындалуын қадағалап отырады.

## Сөйлеу мәдениеті

Сөз бен сөзді мағыналық және тұлғалық жағынан дұрыс тіркестіру, сөйлемді грамматикалық заңдылықтарға сәйкес әрі түсінікті, әрі тұжырымды құрау, белгілі бір өлшеммен сөйлеу тіл мәдениеті саласының зерттеу міндеттерінің қатарынан саналады.



## **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 445 б.
  2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Абзал-Ай, 2013. - 637 б.
  3. Ұйықбаев И.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. - Алматы: Ғылым, 1976. - 141 б.
  4. Сыздықова Р. Сөз сазы: сөзді дұрыс айту нормалары.- Алматы: Ғылым, 1983. - 75 б.
  5. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. - Астана: Елорда, 2000. - 527 б.
  6. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті: оқулық. - Алматы: Зият Пресс, 2006. - 139 б.
  7. Уәли Н.М. Графика. Орфография. Орфоэпия. - Алматы, 2018. - 250 б.
- 

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАҚМЕТ!**